| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары** | 1.2.6.1 Мұғалімнің қолдауымен **ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ** дыбыстарын артикуляциялау;<br>1.3.4.1 Мұғалімнің қолдауымен мәтін немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар (кім? не? қандай? қанша?) қою және қысқаша жауап беру;<br>1.5.1.4 Сөйлеу барысында сілтеу есімдіктерін мұғалімнің қолдауымен дұрыс қолдану. |
| **Сабақтың мақсаты:** | **Барлық оқушылар:** Отбасы мүшелерін ақылды, әдемі, күшті сөздерімен сипаттай алады, мұғалімнің көмегімен тәуелдік жалғауын қолдана алады.<br>**Оқушылардың басым бөлігі:** Отбасы мүшелері туралы сұрақ қоя алады, отбасы мүшелерінің атын, қандай екенін айта алады.<br>**Кейбір оқушылар:** Отбасы мүшелерін сипаттауда басқа да сөздер қатарын орынды қолдана алады. |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**5 минут** | Оқушылармен амандасады, олардың сабаққа дайындығын тексереді.<br>**«Шаттық шеңбері» әдісі** бойынша сабақтың басталуына жағымды ықпал ететін көңіл күй қалыптастырады. | Барлық оқушылар бір-біріне шеңбер бойы сұрақ қойып оған жауап береді. | **Қолпаштау** | |
| **Сабақтың ортасы**<br>**6-32 минут** | 1.Тыңда. Қайтала.<br>**Сөздікпен таныстыру:**<br>Күшті-сильный<br>Ақылды-умный<br><br>**2. 1-тапсырма.** Тыңда. Қайтала**. Үлгі бойынша сөйле**<br><br>**Менің анам әдемі.**<br>**Менің әкем ақылды.**<br>**Менің інім күшті.**<br><br>**3. 2-тапсырма.** Сызба бойынша айт!<br>Мұғалім оқушылардың назарын кестеге аударады. Тапсырмада берілген кесте бойынша сөйлеуге үйретеді. Бұл тапсырма арқылы оқушылар тағы бір рет отбасы мүшелерінің атауларын қайталайды, сондай-ақ оларды тәуелдік жалғауымен түрлендіріп қолдануға жаттығады.<br>**4. 3-тапсырма.**<br>Толықтырып айт.<br>Оқушыларға ақылды, күшті сөздерін қайталатады. Аталған сөздерді өздерінің отбасы мүшелерімен байланыстыра қолдануды | Тыңдалым, айтылым.<br><br>1-тапсырмада берілген сөйлеу үлгісін аудиодискіден тыңдайды, қайталайды. Әдемі сөзін еске түсіреді де, ақылды, күшті сөздерін үйренеді. Осы сөздерді өз отбасы мүшелеріне қатысты қолданады. Мысалы: Менің анам әдемі. Менің әкем ақылды.<br><br>**Тыңдалым,айтылым**.<br>2-тапсырмадағы кесте арқылы ағаәпкесі, іні-қарындасы туралы (бар/жоқ екенін) айтуды үйренеді.<br>Мысалы:<br>Менің ағам бар.<br>Менің қарындасым жоқ.<br><br>Айтылым.<br>**«Тірек сөздер» стратегиясы** бойынша, толықтырып айтады<br>әдемі<br>**Әкем**<br>**Анам** | Мұғалім оқушылардың сабақтағы белсенділігін мақтау, мадақтау, қошеметтеу сөздерімен қолдап отырады.<br><br><br>Дескриптор:<br>-тірек сөздерді қолданып, толықтырып | **Слайд**<br><br>**Слайд**<br>**Оқулык**<br>**38 бет**<br><br>**Слайд**<br>**Оқулык**<br>**3 9 бет** |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>үйретеді. Ол үшін «Тірек сөздер» стратегиясы бойынша оқушыларға өткен сабақта салған суреттерін таратып береді, сол бойынша өз отбасы туралы қандай ақпарат бере алатындарын түсіндіреді. Оқушыларды сол үлгі бойынша өз отбасы туралы айта алуға дағдыландырады.</td>
<td>күшті<br>Атам<br>Әжем<br>ақылды<br>Ағам<br>Әпкем<br>Інім<br>Қарындасым (сіңлңм)</td>
<td>айтады.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td colspan="3">Сергіту сәті<br>Буратино тұрды,<br>Буратино созылды,<br>Буратино секірді,<br>Буратино жүгірді.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td colspan="3">5. Жазылым.<br><br>2 Менің анам<br>1-тапсырма. Суретке қара. Сұраққа жауап бер.<br>Бұл кім?<br>әке<br>ана<br>іні<br>2-тапсырма. Суретке қара. Жаз. Бұл кім?<br>Н<br>Т<br>3-тапсырма. Тыңда. Белгіле.<br>1. Сенің ағаң бар ма?<br>2. Сенің әпкең бар ма?<br>3. Сенің інің бар ма?<br>20<br><br>1-тапсырмада оқушылар әке, ана, іні сөздерін суретімен сәйкестендіреді.<br>2-тапсырмада оқушылар сөздерін а әрпін жазу толықтырады.<br>3-тапсырмада оқушылар арқылы ақпаратты тапсырмада берілген қасына шартты белгі қояды.<br>1. Сенің ағаң бар ма? □<br>2. Сенің әпкең бар ма? □<br>3. Сенің інің бар ма? □</td>
<td>Жазу дәптері №1</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>6. 4-тапсырма<br>Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.</td>
<td>Айтылым.<br>– Бұл кім?<br>– Бұл – менің анам.<br>– Оның аты кім?<br>– Оның аты – Алтынай.<br>– Ол қандай?<br>– Ол әдемі.</td>
<td>Дескриптор:<br>− үлгі бойынша сөйлеседі</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы</td>
<td colspan="3">«Дұрыс-бұрыс» ойыны</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Кері байланыс<br>«Бағдаршам» әдісі<br>Қызыл- мүлдем түсінбедім<br>Сары- жартылай түсіндім<br>Жасыл-толық түсінікті</td>
<td colspan="2">Оқушылар сабақта алған білімдерін бағдаршамның түстері арқылы түсінгенін білдіреді</td>
<td></td>
</tr>
</table>